

**«Көтібар батыр атындағы негізгі мектеп- бөбекжай-балабақша кешені»
КММ-ның 05.05.2025 жыл № 4 кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Өтетін уақыты: 16-00

Қатысқандар- (педагогикалық ұжым)

Себепті: 18

Кеңес төрағасы: Г.С.Күлжанова

Хатшы: Л.Б.Казибаева

Күн тәртібінде:

1. Көтібар батыр атындағы негізгі мектеп- бөбекжай-балабақша кешенінің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

/ Г.С.Күлжанова /

Тыңдалды:

1. Мектеп- бөбекжай-балабақша кешені директоры Г.С.Күлжанова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазан айымен бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өтетін кестесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып **мектеп- бөбекжай-балабақша кешені** қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

мектеп- бөбекжай-балабақша кешені қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
- 4) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау;

5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

мектеп- бөбекжай-балабақша кешені қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін **Көтібар батыр атындағы негізгі мектеп- бөбекжай-балабақша кешені** қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. **Көтібар батыр атындағы негізгі мектеп- бөбекжай-балабақша кешені** өзін -өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2025 жылдың 05.05-22.05 аралығы болып бекітілсін.
3. **Мектеп- бөбекжай-балабақша кешені** қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Пед.кеңес төрағасы:

Хатшысы



Г.С.Күлжанова

Л.Б. Казибаева